

Практикадан өтудің  
бағдарламасы мен  
әдістемелік нұсқаулардың  
Титул парағы



Нысан  
ПМУ ҰСН 7.18.04/11

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**

Психология және педагогика кафедрасы

5B050300-Психология мамандығы студенттері үшін  
педагогикалық практикасын өту бойынша  
**БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Павлодар

Практиканы өту,  
практикалардың бағдарламасы  
бойынша бағдарлама және  
әдістемелік нұсқаулардың  
парағы



Нысан  
ПМУ ҰСН 7.18.04/11

**Бекітемін**

ОІ бойынша проректоры  
\_\_\_\_\_ ПфейферН.Э.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

5B050300-Психология мамандығы студенттері үшін  
педагогикалық практикасын өту бойынша

**БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Бағдарлама ҚР Үкіметінің, 23.08.2012 ж. №1080 бабымен бекітілген жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен ҚР ҰҚ 17 мамыр 2013 ж., №499 бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мекемелердің іс әрекетінің типтік ережелері негізінде құрастырылған.

Құрастырушы: \_\_\_\_\_ аға оқытушы, пед магистрі Жомартова А.Д.

Психология және педагогика кафедрасы

Кафедра отырысында ұсынылған, «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_\_ хаттамасы

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Бурдина Е.И. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж

ГПФ ОӘК мақұлдаған «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_\_ Хаттамасы

ОӘК төрайымы \_\_\_\_\_ Ксембаева С.К. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**КЕЛІСІЛДІ**

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Сарбалаев Ж.Т. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**МАҚҰЛДАНДЫ:**

КПЖЖОБ бастығы \_\_\_\_\_ Жанпеисова З.М. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

ОӘБ бастығы \_\_\_\_\_ Жуманкулова Е.Н. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдады:

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_\_ Хаттамасы

## **Педагогикалық практиканың мақсаты мен міндеттері**

Білім беруде 5B050300 – Психология мамандығы бойынша болашақ бакалавр оқытушысын даярлауда педагогикалық практика басым рөл атқарады. ЖОО-ң толықтай педагогикалық үдерістің негізгі бөлігі бола, ол психологтың даярлығының теориялық және практикалық бірлігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық қызметтің дамуының заманауи тенденциялары болашақ мамандардың жоғары біліктілігін даярлау қажет етеді.

Мамандардың ҚР ЖМБС-на сәйкес педагогикалық практика академиялық семестр (жылы) аралығында арнайы пәндерді немесе арнайы пәндердің циклін оқудан кейін ұйымдастырылады.

Педагогикалық практиканың бағдарламалары шығарушы немесе мамандандырылған кафедрамен бекітіледі.

Педагогикалық практиканың бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды біліктіліктерін дағдыландыру мен негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы керек:

- оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің негізгі компоненттерін жоспарлау, болжау, талдау;
- оқыту әдістері мен құралдарының дидактикалық мақсаттарымен және міндеттерімен сәйкес келу дәрежесін анықтау;
- оқу-танымдық, еңбектік, қоғамдық, табиғат қорғау, сауықтыру, ойындық және білім алушылардың басқа да әрекеттерінің әртүрлі қалыптары мен әдістерін пайдалану;
- оқу және тәрбиелеу жұмысы барысында олардың дамуының ерекшеліктері негізінде жеке дара тұрғыда жүзеге асыру;
- педагогикалық үдеріс жағдайының педагогикалық-психологиялық диагностикасын жүргізу;
- білім алушылардың, педагогтардың және өзінің жеке әрекеттерінің нәтижелерін бағалау.

**Практика өту мақсаты:** практиканың мақсаты кәсіби педагогикалық қызметін ұйымдастырудың ғылыми негізімен таныстыру, толықтай педагогикалық үдерісі, оның субъектілері жайлы көрініс қалыптастыру және қызығушылығын дамыту

Практика қажетті кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуетіне ие, білім беру ұйымдарында немесе кафедрада және жоо-ң лабораторияларында өтуі мүмкін.

### **Практика міндеттері:**

- 1) студенттерде өзінің мамандығына тұрақты қызығушылықтары мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- 2) студенттер өздерін толықтай педагогикалық үдерістің субъекті ретінде тану, педагогикалық құзыреттілігін меңгеруде қажеттіліктерін қалыптастыру;
- 3) Студенттердің теориялық білімдерін бекіту және тереңдету;
- 4) Педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік амалын дамыту;

5) Студенттермен оқытушы қызметінің әлеуметтік маңыздылығын мойындау және оның студент тұлғасының қалыптасуына әсері;

**Пререквезиттер:** Студенттердің педагогикалық практикасы «Мамандыққа кіріспе» курсына оқуда негізделеді. «Кәсіби білім беру мекемелерінде тәрбиелеу жұмыстары», студенттермен меңгерілетін, жалпы білім беру цикл пәндері студенттердің тәжірибелік әрекетінің ғылыми негізі болады.

**Постреквезиттер:** педагогикалық практикасын өту барысында алынған, құзыреттіліктер кәсіби практикаларының келесі түрлерінде «Өндірістік практика» және «Диплом алды практика» меңгеру үшін қажет. Сонымен қатар диплом жұмысының тақырыбы бойынша зерттеулерде.

### Тапсырмаларды орындау мен тапсыру графигі (барлығы-150 сағат)

Аптала №	Қызмет мазмұны	Формалар мен әдістер	Есеп беру
1 апта	Құрылымдық бөлімшелермен, оқу орнының мақсаттарымен және міндеттерімен, негізгі бағыттарымен таныстыру.	Оқу орнының директор орынбасарымен, оқу бөлімінің меңгерушісімен, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушымен, оқытушылармен әңгімелесу; - Оқу орны бойынша экскурсия; - практика өтудің жеке жоспарын құрастыру және студенттерді үлестіру.	Құрылымдық-мазмұндық
	Топ немесе класс жетекшісінің қызмет спецификасымен таныстыру	- сынып сағаттарын, оқу сабақтарына қатысуы; оларды талдау; - сынып жетекшісімен және куратормен әңгімелесу - сынып сағаттарын және басқа шараларды дайындауда сынып жетекшісіне немесе кураторға көмек көрсету. - сыныптан тыс шараны жүргізу	Оқу және сыныптан тыс сабақтарын талдау мен өзіндік талдау күнделігі

	Оқу орнының қоғамдық қызметімен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тәрбиелеу жұмысы бойынша меңгерушімен әңгімелесу;</li> <li>- сыныптың немесе топтың тәрбиелеу жұмысының жоспарын зерттеу;</li> <li>- үйірмелердің, секциялардың, клубтардың жұмыстарымен танысу;</li> <li>- үйірмеде, секцияда, клубта сабақтарға қатысу;</li> <li>- сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру</li> </ul>	Сыныптан тыс шараларды конспектілеу;
2 апта	Оқу орнында сабақтан тыс шараларды анықтайтын және бағыттаушы құжаттамалармен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқу үдерісінің (күнделікке конспектілеу) ерекшеліктері жайлы оқытушыға кеңес берулер;</li> <li>- пәндер бойынша типтік жұмыс оқу бағдарламаларымен, оқу үдерісінің графигімен, жалпы орта немесе кәсіби арнайы білім берудің мемлекеттік стандартымен таныстыру</li> </ul>	Құжаттамалармен танысу конспекті
3 апта	Білім алушылардың жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктерін зерттеу. Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу үшін пайдаланылатын зерттеу әдістерінің кешенін игеруі.	Практика өту бойынша есебінде білім алушылардың психологиялық талдауымен материалдарды зерттеудің көрінісі. Білім алушыларға педагогикалық сипаттамасын жасау	Білім алушыға сипаттама; Педагогикалық талдаудың сызбалары мен әдістемелерінің конспектісі
4 апта	Топтың, класс ұжымын зерттеу. Білім алушылардың тұлғааралық қатынасын зерттеуде қолданылатын, зерттеу әдістерін игеруі. Ұжымның социометриялық зерттеуін жүргізу.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- педагогикалық күнделікте студенттердің педагогикалық талдауымен тұлғааралық қатынасын зерттейтін материалдардың бейнеленуі.</li> <li>- топтың педагогикалық сипаттамасын жасау;</li> </ul>	Топқа сипаттама; Есепте зерттеу нәтижелерінің көрінісі
	Пәндер бойынша оқытушыларды жұмыс жүйесімен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқытушылармен әңгімелесу;</li> <li>- Оқу сабақтарына қатысу;</li> <li>- білім алушылардың жетістіктерінің журналымен жұмыс.</li> </ul>	Оқу сабақтарын талдаудың күнделігі
5 апта	Білім алушылардың сау өмір сүруді қалыптастыру бойынша жұмыс.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Никотиннің, алкогольдің, шылым шегудің (видеофильмдерді көру) зияны жайлы әңгімелесу.</li> <li>- СӨС бойынша сыныптан тыс шараларды жүргізу</li> </ul>	Сыныптан тыс шаралардың конспектісі

	Тәрбиелеу шараларын өткізу дағдыларын игеру	- тәрбиелеу шараларына қатысу және талдау; - сынып сағат үшін көрнекі оқу құралдар мен үлестіруші материалдарды дайындау; - өзін-өзі тану бойынша тәрбиелеу шараларын өздігінше жүргізу және оның талдауы.	Оқу сабақтарын талдау; Тәрбиелеу шараларының жоспары, Көрнекілік пен үлестірмелі материалдардың үлгілері
	Студенттермен жеке жұмыстардың дағдыларын қалыптастыру	Білім алушылармен жеке жұмыстың ерекшеліктері жайлы оқытушылармен әңгімелесу; - әңгімелесу формасында білім алушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу	Әңгіме жүргізу конспекті
6 апта	Сыныптан тыс шараларды жүргізуге дайындық	- ашық сабақтарды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша практика жетекшісінің кеңес беруі; - ашық сабақтың конспектісін дайындау; - үлестірмелі материалдарды дайындау және көрнекілеу	Ашық сабақтың конспектісі; образцы раздаточного материала.
	Ашық сабақтарды дайындау және жүргізу. Ашық сабақтарға қатысуды ұйымдастыру	- өзінің ашық сабақ жүргізуі және өз талдауы; - басқа студенттердің ашық сабақтарға қатысуы және талдауы	Оқу сабақтарының талдауы мен өзіндік талдау күнделігі
7 апта	Практика қорытындыларын шығару	- Практика бойынша қорытынды конференция	Практика бойынша есеп беру құжаты

### **Практика мазмұны:**

Орта-арнайы білім беру орнының жұмыс жүйесін бекітілген нормативтік құжаттарына сәйкес **таныстыру:**

- Оқу пәнінің типтік бағдарламаларымен, мемлекеттік стандартпен;

- Оқу орнының (директордың қызметі, директор орынбасарларының және т.б.);

- Оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бағыттаушы құжаттарымен (оқу орнының жұмыс жоспарымен, тәрбиелеу шараларының жоспарлары);

- Әртүрлі әдістерді қолдану негізінде оқытушы қызметімен (бақылау, анкета жүргізу, сауалнама жүргізу, мектеп құжаттарын зерттеу және т.б.);

- Психолог қызметімен;

- Оқу орнының санитарлық-гигиеналық шарттарымен;

- Қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ережелерімен;

- Оқу орнының материалды-техникалық қамтылуымен.

Толықтай педагогикалық үдеріске **қатысу:**

- класс жетекшісінің немесе куратордың жұмыс жоспарына сәйкес студенттердің тәрбиелеу шараларына;
- оқытушының нақты сабаққа дидактикалық материалдарды жинастыруға;
- сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге;
- оқу сабақтарының жоспарын дайындауға және сабақтан тыс шараларға;
- оқу сабақтарын талдаудың сызбасымен және құрылымымен таныстыру; педагогикалық пәндер бойынша ақпараттарды өзіндік алу мақсатында студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту ретінде.

### **Тәжірибе тарауларының орындалу нұсқаулары:**

Практиканың өтетін алдында студент бағдарламаны мұқият оқып білу керек, сонымен қатар тәжірибе жетекшінің берілген арнайы тәжірибелік нұсқауларды орындауға дайын болу керек. Педагогикалық практиканың негізі бойынша студент- практикант пен практика жетекшісі екеуінің нақты педагогикалық тәжірибеге арналған жоспар құрылу керек.

Бірінші аптасынан бастап студент білім беру мекемесімен, оның педагогтармен, топпен- сыныппен танысуы болады, яғни үйреншілік кезеңі басталады. Үйреншілік кезеңі эмоционалды- психологиялық қарбаластықпен өтуі мүмкін. Бұл жаңа ортаға келіп, таныс емес адамдармен қарым- қатынасуы. Практиканың бірінші күннен-ақ бастап келген білім беру мекеменің ұйымдастыру ережелермен жақынрақ танысуы қажет. Оның ішінде практиканттың сырт бейнесі, сабақтан қалмауы, білім беру ережелерін сақтау, өзін- өзі мәдениетті ұстауы. Осы кезде бұрын өткен (II-III курста) тәжірибені қолдануы керек. Сынып ішінде дұрыс қарым- қатынас орнатқаннан кейін білім беру мен тәрбиелеу жағынан жетестіктерге жетуге болады. Сондықтан 1 аптасынан бастап сынып балалармен әңгімелесу арқылы дұрыс қарым- қатынасты орнату, басқа сабақтарға қатысу арқылы бақылау жұмыстарын жүргізу.

1 аптаның аяғында тәжірибе жұмысының жеке жоспары құрылу керек. Бұл жоспар курстың білім беруіне сай болу тиісті. Арнайы курс бойынша нақты тақырыптарды шешіп, олардың сағат санын, пән олардың ерекшелігін анықтау. Курс бойынша студент пен білім беру мекеменің психологы берілетін сабақтардың тақырыптарын, мерзімін, уақытын анықтау керек. Аталған барлық мағлұматтар студенттің тәжірибе жеке жоспарына кіру керек.

Педагогикалық тәжірибенің жеке жоспарының үлгісі:

Жоспарланған жұмыс түрлері (сабақтар, тыс сабақтар, психолог манның нұсқауы бойынша жүргізілетін жұмыс)	Жоспарланған жұмыстың календарлық мерзімі	Орындалғанның бағасы
1. «Ес» тақырыбына арналған семинарлық сабақ	12.03.2014 ж.	орындалды

Келесі негізгі жағдай- жеке жоспарының құрылуы. Жеке жоспарды құрған кезде белгілеген мерзімі бойынша аудиториядан тыс шаралардың өтілуін талқылауы жатады. Аудиториядан тыс шаралардың ішіне әртүрлі психологиялық тренингтерді, психологиялық викториналар, т.б. түрлерін ұсынуға болады. Егер тәжірибелікті бір уақытта бір неше студент өтсе, сонда олардың білімдерін бірігуі арқылы психология пәні бойынша олимпиадаларды, «психология пәннің апталығы» өткізуге болады.

Сонымен қатар педагогикалық тәжірибенің жеке жоспарында жұмыстың негізгі түрлерін (сабақ, сабақтан тыс шаралар) және жұмыстың ағымды түрлерін (әдіскер мен мұғалімнен ақыл- кеңес алу, оқушылармен әңгімелесу) кіргізу керек.

Апта сайын университеттің әдіскер мен оқытушының кеңес сабақтарына қатысады. Бұл кеңестерде практика бойынша пайда болған қиындықтардың талдауы мен саралауы, олардан жеңіп шығатын жолдарын қарастыру, келешекте өткізетін сабақтардың, сабақтан тыс шараларының жоспарларын құрастыру. Әдіскердің кеңесі үйрететін, дамытатын, бақылайтын қызметін атқарады.

Өзінің бірінші сабағын студент оның басталуына 4 күн кем қалмайтын уақытта дайындау керек. Дайындықты берілген ұсыныстар бойынша өткізілуі қажет: тақырыптық жоспарлау (мұғаліммен бірге дайындалу керек, сабақ сайын әрқарай құрастыруды студент өзбетінше жүргізу керек), сабаққа дайындылық жүргізу (оқулықтарды, қажетті, қосымша әдебиетті оқу, практикалық тапсырмаларды, арнайы сұрақтарды қарастыру, сабақ жоспарын құрастыру), сабақ жоспарын мекеменің психологтың бекітуі, қажет болса сабақ жоспарының түзетуі.

Практика бойынша студент кем дегенде 4 сағат (академиялық) өткізу керек. Тәжірибелік күнделігінде күн сайын өзінің күні бойы істеген жұмысының қысқаша мәліметтер жазылу керек. Өткізген жұмысының негізгісі ғана жазылуы қажет.

### **Практика кезінде студенттердің міндеттері**

Студент педагогикалық практикада 7,5 апта бойы болатын 5 кредиттен тұратын, жалпы сағат саны 150 құрайтын практикада міндетті түрде болуы тиіс. Студент практиканың бағдарламасымен қарастырылған, барлық жұмыс түрлерін уақытында орындауы керек.

Практика барысында ол қоғамдық белсенділігін, терең қызығушылық пен оқушыларға, педагогикалық кәсіпке сүйіспеншілігін көрсетіп, педагогикалық тактын ұйымдастырушылық үлгісі болуы керек.

Студент ата-аналар мен мұғалімдер тобымен бекітілген, практика бағдарламасына сәйкес өзінің жеке жоспарын оқу-тәрбиелеу жұмысына оқушылармен жасайды. Практика барысында студент өндірістік, оқу және оқу-танымдық практика бойынша күнделік жүргізіп, балаларға бақылау жүргізгендерін белгілеп өзінің оқу-тәрбиелік жұмысына талдау жасайды.



Практика өтуші әкімшілік пен практика жетекшісімен ұсынылған, мекеменің ішкі тәртібінің ережелеріне бағынады. Практика өтушіге қойылған талаптарды орындамаған жағдайда, ол практика өтуде шығарылуы мүмкін. Практикадан шығарылған немесе жұмысынан екілік баға алған жағдайда студент, оқу жоспарын орындамаған болып есептелінеді. Практика қорытындысы бйынша студентке сынақ кітапшасына сараланған сынақ қойылады.

Мекемеде практика барысында студенттердің бірі топ старостасы болып тағайындалады. Старостаның міндетіне студенттердің практикаға келулері, топтың жұмысын жалпы ұйымдастыру, практика жетекшісінің берген жұмыстарын орындау кіреді.

### **Педагогикалық практикасы бойынша есептік құжаттамасы**

- 1 Титулдық бет.
- 2 Оқу және оқу-танымдық практика бойынша күнделік;
- 3 Сыныптан тыс сабақтарды (әңгімелесу, сынып сағаттары және т.б.) өз бетінше жүргізген конспекттері;
- 4 Практика базасындағы тәжірибе жетекшісінің студентке берген мінездемесі (ресми мөрмен расталған)

### **Қорытынды конференцияға есеп пен ауызша сөйлеуді дайындау бойынша ұсыныстар**

Практиканы аяқтағаннан соң жазылатын, есеп практиканың қысқаша мақсаттарының қойылуын, білім беру мекемесінің нақты сипаттамалары мен оның жұмысының шарттарын, педагогикалық микроклиматтың бағасын, орындалған шаралардың жалпылама мазмұндалуы болуы керек.

Қорытынды конференция үшін, студентке бес минуттық шығу сөзін дайындап, онда студентке практика барысында орындалған жұмыстары мен оның соның нәтижелерге қатынасын көрсетіп, дайындауы керек. Міндетті түрде, ол әлеуметтік мекеменің қызметін жақсарту үшін өзінің ұсыныстарын, сонымен қатар алған білімдері мен біліктерін, қойылған мақсаттарды орындай алғандарын, көрсетулері керек.

### **Практика нәтижелерінің бағалау критерийлері.**

Білім алушының есебі кафедра меңгерушісімен бекітіліп құрылған, комиссия алдында қорғалынады және практика жетекшісімен тексеріледі. Есепті қорғау нәтижесі баллдық-рейтингтік әріп жүйесі бойынша сараланған сынақпен бағаланады.

Сонымен қатар ерекше есепке алынады:

- Сипаттауда айтылған, пікірлер;
- Күнделіктегі жазбалардың мазмұны мен оны кірістіру ұқыптылығы;
- Есептің сапалығы;
- Қорытында конференциядағы сөз сөйлеуі.

Әлбетте, есепті тапсырудың мерзімінен кеш тапсырғаны, кей тапсырмалар орындамай себепсіз сабаққа қатыспаулары, күнделікті дұрыс толтырылмағаны үшін бағасы төмендетіледі.

**Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері:**

**95-100б. А «Үздік»** - күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы студенттің шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері мен қысқаша мазмұндалған жағдайда;

**90-94б. А- «Үздік»** - күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы студенттің шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері мен қысқаша мазмұндалған жағдайда;

**85-89б. В+ «Жақсы»** - күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың көп бөлігі жоғары шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері мен қысқаша мазмұндалған жағдайда;

**80-84б. В «Жақсы»** - күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың бөлігі жоғары шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері мен қысқаша мазмұндалған жағдайда;

**75-79б. В- «Жақсы»** - күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланған, білім алушының есебі практиканың мақсатымен және міндеттеріне сәйкес келген жағдайда;

**70-746. С+ «Қанағаттанарлық»** - күнділікте жазбалар мазмұны жеткілікті шамада сәйкес келеді, практикалық әрекеттік материалдары бар: жүргізілген сабақтарды конспект-жоспарлары, тәрбиелеу істерінің жүргізілген материалдары, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен қанағаттанарлық бағаланған, есеп білім алушының жұмысының барлық негізгі бағыттары бойынша жасалған жағдайда;

**65-696. С «Қанағаттанарлық»** - күнділікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары, практикалық әрекеттік материалдары бар: жүргізілген сабақтарды конспект-жоспарлары, тәрбиелеу істерінің жүргізілген материалдары, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен қанағаттанарлық бағаланған, білім алушының толықтай есебі болған жағдайда;

**60-646. С- «Қанағаттанарлық»** - күнділікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары, практикалық әрекеттік материалдары: жүргізілген сабақтарды конспект-жоспарлары, тәрбиелеу істерінің жүргізілген материалдары қысқаша, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен қанағаттанарлық бағаланған, есебі қысқаша болған жағдайда;

**55-596. D+ «Қанағаттанарлық»** - күнділікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары, практикалық әрекеттік материалдары: жүргізілген сабақтарды конспект-жоспарлары қысқаша, пән мұғалімімен бағаланған, жүргізілген тәрбиелеу істерінің материалдары аздап көрсетілген, есепте практиканың негізгі мазмұны қысқаша мазмұндалған жағдайда;

**50-546. D «Қанағаттанарлық»** - күнділікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары, практикалық әрекеттік материалдары: жүргізілген сабақтарды конспект-жоспарлары, жүргізілген тәрбиелеу істерінің материалдары аздап көрсетілген, есепте жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілген жағдайда;

**0-496. F «Қанағаттанарлықсыз»** күнділіктегі жазбалар мазмұны практиканың тапсырмаларына сәйкес келмеуі, практикалық әрекеттік материалдары: дәрістердің конспект-жоспарлары, сыныптан тыс шаралардың әзірлемелері жоқ, практика бойынша есебі болмаған жағдайда;

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **Негізгі:**

1. Иванов И.11. Методика коммунарского воспитания. - М, 2009.
2. Классному руководителю. Учебно-методическое пособие / Под ред. М.И.Рожкова - М. Туманит, изд. центр ВЛАДОС, 2009.-280 с.
3. Конаржевский К).А. Анализ урока - М.:Центр «Педагогический поиск», 2009. - 336 с.
4. Методика воспитательной работы: Учебное пособие для студентов высш. пед. учеб.заведений /Л.А.Байкова, Л.К.Гребенкина, О.В.Еремкина и др.; Под ред. В.А.Сластенина - М.: Издат. центр «Академия»,

2010. - 144с.

5. Педагогика. Курс лекции. — Алматы: «Нурлы элем», 2012.
6. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе дидактического и методического усовершенствования УВП - М.: Серия: Энциклопедия образовательных технологий, 2005.
7. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: Учебное пособие (В помощь преподавателям, аспирантам, магистрантам, студентам) - Алматы: АГУ им.Абая, 2009. - 90с.
8. Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя - М.: Центр «Педагогический поиск, 2011. - 176 с.
9. Щуркова Н.Е. Классное руководство: игровые методики. - М: Педагогическое общество России, 2012. - 224с.

**Қосымша:**

- 10.Бондаревская Е.В. Гуманистическая парадигма личностно-ориентированного образования //Педагогика, 2010, №4.С. 11-17.
- 11.Бондаревская Е.В. Смыслы и стратегии личностно-ориентированного воспитания // Педагогика. - № 1, 2009. - С. 17-24.
- 12.Кукушкин В.С. Теория и методика воспитательной работы в школе: Учебное пособие. - Ростов н/Дону: Издательский центр «МарТ», 2005. - 320 с. (Серия «Педагогическое образование»).
13. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. - М., 2006.
- 14.Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я. Изучение личности учащегося и ученический коллективов. -М.;2006.
- 15.Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов. - Рига, 2009. - 239 с.